

Екібастұз қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 2 маусымдағы "Екібастұз қаласының ауылдық жерлерінде тұратын аз қамтамасыз етілген тұлғаларға (отбасыларына) жем - шөп сатып алу үшін 2009 жылға біржолғы материалдық көмек беру туралы" N 315/6 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2009 жылғы 17 шілдедегі N 419/7 қаулысы. Павлодар облысы Екібастұз қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 31 шілдеде N 12-3-239 тіркелген. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2010 жылғы 7 мамырдағы N 3-05/74 хаты)

Ескерту. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2010.05.07 N 3-05/74 хаты).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабына сәйкес, және кадрлық өзгерістердің болуына байланысты, Екібастұз қаласының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Екібастұз қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 2 маусымдағы "Екібастұз қаласының ауылдық жерлерінде тұратын аз қамтамасыз етілген тұлғаларға (отбасыларына) жем – шөп сатып алу үшін 2009 жылға арналған біржолғы материалдық көмек беру туралы" (12-3-234 N-мен нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде тіркелген, және 2009 жылғы 2 шілдедегі N 27 "Отарқа" және 2009 жылғы 2 шілдедегі N 27 "Вести Екибастуза" газеттерінде жарияланған) N 315/6 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1) Екібастұз қаласының ауылдық жерлерде тұратын аз қамтамасыз етілген тұлғаларға (отбасыларына) жем – шөп сатып алу үшін біржолғы материалдық көмек тағайындау бойынша комиссия құрамына (бұдан әрі – Комиссия):

Төлеубаев Сансызбай Сапарұлы, Екібастұз қаласы әкімінің орынбасары,
Комиссия т о р а ғ а с ы б о л ы п ;

Тоқуров Өтен Борамбайұлы, "Екібастұз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бас маманы, Комиссия мүшесі
б о л ы п е н г і з і л с і н ;

2) Комиссия құрамынан Құрманова Айзада Амангелдіқызы, Мнанов Серік
К ү л б а й ұ л ы ш ы ғ а р ы л с ы н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің
орынбасары С.С.Төлеубаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Екібастұз қаласының әкімі

Н. Нәбиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК